



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Пифагоршылдар, Ксенофан  
және Гераклит



**Мақсаты** – Пифагор мен оның ізбасарларының, Ксенофан және Гераклит философиясына талдау жасау.

**Жоспары:**

1. Пифагоршылдар философиясы.
2. Ксенофан философиясы.
3. Гераклит философиясы.

**Түйін сөздер**

Даналыққа ғашық жандар, философиялық қауымдар, Әлемнің үйлесімділігі, жанның ауысуы, жер – алғашқы бастама, космос және логос, от – алғашқы бастама.

Пифагор ежелгі заманда Фалеспен бірге грек әлеміне философияны таныстыру мәртебесіне ие болды. Ол шамамен б.д.д. 570 ғасырда Кіші Азия жағалауына жақын Самос аралында дүниеге келді. Баланың тууына бірнеше айлар қалғанда Пифагордың әкесі жұбайымен Дельфыда болды және сол кезде қабылданғандай, өз істерінде Пифияға (сәуегей) кеңес сұрауға барады. Олардың таңданысына орай, Пифия жақын арада сұлулығы мен даналығымен ерекшеленетін және адамзат ұрпағына үлкен пайда әкелетін ұл дүниеге келеді деп болжайды. Осы болжамның арқасында балаға Пифагор деген есім қояды, тікелей мағынада ол: «Пифия жариялаған» мағынасын береді. Шынымен де, бет-әлпетінің сұлулығымен қоса, ол баланың көптеген құнды адами қасиетке ие болғандығы соншалық, ол жас кезінен-ақ жасы үлкендер тарапынан сый-құрметке ие болды. 18 жасқа келгенде Пифагор құпия түрде Милетке көшіп, Фалес және өзге де ойшылдардың шәкірті атанады. Біршама уақыттан кейін Пифагордың ұстаздары оған үйрететін нәрсенің қалмағандығын және терең де жаңа білім алу үшін оған Мысырға аттану керек екендігін мойындайды. Бозбала Грекияны тастап, Мысырға аттанады. Мемфис абыздары басында оны жақтырмай қабылдайды. Мысыр даналары гректерге сенбей, оларды тұрақсыз және жеңілтек деп есептеді. Олар жас самостықты сергектігінен айыру үшін бәрін жасады, дегенмен ол барлық кедергілер мен сындарда мызғымас сабырлық пен батылдық танытады. Ол адам Құдіретті Білімге тек ерік адамның төменгі мәнін жеңгенде ғана иеленеді деп есептеді. Мысырлық абыздар оның бойынан осы әлемде сирек кездесетін даналыққа деген жанның жігерін және аса жоғары құлшынысын көрген кезде Пифагорға өз тәжірибелерінің барлық құпиясын ашып береді. Олардан Пифагор математика мен сандардың қасиетті ғылымын терең зерттейді. Кейінірек, Вавилонда тәжірибелік оккультисты білімдерге ие болған парсы жәдігәйлері ілімдерімен танысады. Ол Крит аралығындағы грек абыздарының жораларымен таныстырылды. Олардың сындары шекті түрде қатал және аяусыз сипатта еді, бірақ Пифагор бұл сындардан лайықты жеңімпаз болып шықты. 40 жасында оңтүстік Италияда орналасқан Кротонға көшіп барды. Ол жақта б.д.д. 510 жылғы жойқын революция кезінде қуғынға ұшырағанға дейін қаланың саяси істеріне жетекшілік етті. Ол көрші Метапонтқа көшіп, ол жерде ғасырлар тоғысында қайтыс болды.

Кротонде болған кезінде ол діни қауымның негізін құрды. Пифагор өмірден өткеннен кейін де болған бұл қауым, шамамен б.д.д. 450 жылдары таратылды. «Философ» сөзін алғаш қолданған Пифагор болды. Ол өзін данышпан немесе дана адам (sophos) деудің орнына, қарапайым тілде өзін тек «данышпандықты жақсы көретін жан» (philosophos) деп сипаттаған. Өмірі аңызға айналған бұл тұлғаның математикамен де, мистикамен де шұғылданғаны белгілі. Қалай болғанда да, осы екі салада да Платоннан бастап Порфирийге дейінгі бүкіл ежелгі заман оны толықтай мойындап, зияткерлік ықпалына бас иген.

Пифагор ізбасарларының музыкалық аралықтар мен сандық қатынастар арасындағы байланыс туралы жаңалықтары – математикалық зерделеудің Ғаламның құрылымы мен тәртібін түсінудің кілті саналатынын көрсетті. Олардың пайымдауынша, астрономия мен гармония – бір-біріне жақын ғылымдар. Дегенмен пифагорлық арифметика сандық мистицизмнің шырмауынан шыға алмағандықтан шынайы ғылыми прогресс жасау қиынға соқты. Кенни Антиканың ғылыми жетістіктері, мысалы, Аристотель зоологиясы, Гален медицинасы математиканың көмегінсіз жүзеге асырылғанына көңіл аудартады.



Пифагордың Кротондегі философиялық қауымдастығы талай мекеменің түпнұсқасы болды. Олардың қатарында Платон Академиясы, Аристотель Лицейі, Эпикур бағы және тағы басқалары бар. Осындай қауымдардың кейбірі заңды ұйымдар болды. Ал кейбіреулері бейресми. Біреулері қазіргі зерттеу институттары тәріздес болса, басқалары монастырларға ұқсады. Пифагор ұйымындағылар меншіктерін ортақ ұстап, көптеген аскеттік және рәсімдік ережелерге бағынумен өмір сүрді. Мысалы, қоқымды термеу. Отты қылышпен араластырмау. Әрқашан аяқкиімді оң аяқтан бастап кию және т.с.с. Пифагордың ізбасарлары таза вегетариандар емес еді. Бірақ тағамға еттің, балықтың және үй құстарының белгілі бір түрлерін қолданбаған. Қалай ойлайсыздар, пифагоршылдарға тағы қандай тамақты жеуге тыйым салынды? Дұрыс, бұршақ. Кеннидің айтуы бойынша – бұл пифагоршылдардың ең белгілі тыйымы болатын. Пифагор вегетариандықты жоғары бағалады және Рубенс оны осылай бейнелейді.

Тамақтану ережесі Пифагордың жан туралы нанымдармен байланысты болды. Оның пайымдауынша, жан денемен бірге өлмейді, ол басқа орынға, мүмкін, басқа бір жануардың түріндегі денеге өтуі мүмкін. Пифагордың кейбір ізбасарлары осы нанымды үш мыңжылдық ғарыштық циклға таратқан. Өлгеннен кейін адамның жаны кезекпен әр жерге, теңізге немесе ауаға және ең соңында, тарихты қайталау үшін қайтадан адамға оралады. Алайда Пифагор қайтыс болғаннан кейін, оның ізбасарлары оны Құдайға айналды деп санаған. Олар Пифагор туралы таңғажайып өмірбаяндар жазып, оның бойына қосымша көру қасиеті мен қайта жаңғыру қабілетін теліген. Олардың айтуынша, оның жамбасы алтын және ол Аполлонның ұлы болған. Үйреншікті сөзге айналған «Өзі айтты» дегенді білдіретін «Ipse dixit» сөз тіркесі соның құрметіне ойлап табылған.

Пифагордың өлімі және Милеттің күйреуімен Сократқа дейінгі ойдың бірінші дәуірі аяқталды. Келесі дәуірде біз тек қана болашақ ғалымдармен ғана емес, сонымен қатар, бұл сөздің қазіргі заманғы түсінігіндегі философ ойшылдармен кездесеміз. Колофон қаласынан шыққан Ксенофан (б.д.д. 570–470 ж.ж.) жиырма жасында туған қаласынан қуылып, кезбе менестрель болды. Ксенофан өзінің және өзгелердің өлеңдерін таратты. Шарапты, ойын-сауық және думанды өмірді жырлады. Алайда оның философиялық өлеңдері біздің кезімізде жиі оқылады.

Милеттіктер сияқты, Ксенофан да өз космологиясын ұсынды. Оның сөзіне сүйенсек, негізгі элемент су да, ауа да емес, жер болды. «Бәрі жерде болады және жерде бәрі аяқталады». Кеннидің ойынша оның ілімі христиандық жерлеу рәсімі мен Күллі сәрсенбі уағызына ұқсайды. «Ұмытпа, адам, сен тозаңсың және тозаңға ораласың» деген ой тастайды. Ксенофан бойынша, сезімдік-физикалық әлемнің бастауында бізден төмен шексіздікке дейін созылған жер жатыр. Ксенофан жерді теңізден пайда болды деп болжады. Дәлел ретінде ол судан алшақ жерде қабыршақтар жатқанын, ал тастарда – балықтар мен өсімдіктердің ізтаңбалары бар екенін атап өтеді. Кенни мұны Ксенофанның ғылымға қосқан өзіндік үлесі деп айтады.

Ксенофанның аспан денелері жайлы болжамдары да керемет. Ол жер бізден төмен шексіздікке дейін созылып жататынына сенгендіктен, күн батқан кезде жерден төмен түсетінімен келісе алмады. Ол жаңа және шығармашыл түсінік ұсынды. Күн – күн сайын жаңадан пайда болады. Ол әр таңда кішкентай ұшқындардың жиынтығынан пайда болады да шексіздікке ғайып болады. Бұл теориядан шығатыны, шексіз тәуліктер секілді, шексіз күндер бар. Әлем су және жер фазаларынан өтсе де, ол мәңгі болып қала бермек. Алайда Ксенофанның космологиясы дәлелсіз болғанымен, ол өзінің натуралистік ерекшеленеді. Ерте грек философтар космологиясына қарағанда, ол анимистік және жартылай діни элементтерден тәуелсіз.

Ксенофан барлық Сократқа дейінгілердің ішінде дінге ең жақыны болған, – дейді Кенни. Ксенофан философиясының бастапқы нүктесі, дін тарихында сонша біртуар алатын орыны шамасы, құдайларға деген гректердің сенімін өжет сынаудан басталғаны шығар. Құдайлардың адами бейнесі және олар туралы Гомер мен Гесиодтың баяндамалары оның ажуа-наразылығын тудырады. Ксенофан олардың көптігін таза Құдай түсінігімен байланыспайтынын алға тартады. «Ең жақсысы, – дейді ол, тек бірегей ғана бола алады; құдайлардың ешбіреуі де басқасының билігінде бола алмайды. Құдайлардың дүниеге келіп, олардың бір жерден екіншісіне ауысуы да ақылға сыйымсыз. Сонымен, тек бір Құдай ғана бар, ол «түрімен де, ойымен де қарапайым ажалдылармен салыстыруға келмес»; «ол барлығы – көз, барлығы – құлақ, барлығы – ой» және



«ешбір күшсіз өзі барлығының санасын билейді». Бірақ осы құдаймен Ксенофан үшін әлем бірігеді: «аспанға үңіліп ол біртұтасты (немесе Тефораст айтқандай, біртұтас және бүтіндей) Құдірет деп атады». Бұл біртұтас құдіретті тіршілік мәңгі және өзгермес; шекті ма шексіз бе – бұл туралы Ксенофан ештеңе демеді. Дұрысы, басқа контекстте әуе кеңістігінің шексіздігі немесе Жердің тереңдігі және екінші жағынан, аспанның дөңгелек формасы туралы айта алды, дегенмен, бұл пікірлер екеуі өзара және құдіретті жанмен байланыстырылмады. Сонымен қатар ол әлемді тұрақсыз және өткізбейтін деп мойындауы да ықтимал; дей тұра Ксенофан, әлемнің затын ғана туралы ескертуі мүмкін, өйткені дүние туралы ол мұны мойындамады. Оның айтуы бойынша, Жер теңізден пайда болды (ол мұны тас болып қалған заттар арқылы дәлелдеді) және анда-санда қайтадан теңізге батады; күн мен жұлдыздарды күнде қайтадан құрылатын жанып тұрған булану деп есептеді. Жермен бірге адамзат та жойылуы тиіс және оның жаңаруынан қайта дүниеге келеді.

Егер кейінгі грек скептиктері Ксенофанды өзінің пікірлесі деп есептеді, дегенмен, олар оның адам білімінің шектігі мен дәйексіздігі туралы жазған баяндамаларына сілтеме жасады. Алайда оның ілімінің догматикалық формасы скептика принциптерінен қаншалықты алыс тұрғанын айғақтайды. Ксенофан халық ол халық ырымшылдығын жек көрді, қатал және әбден сыналған монотеизмді қорғаса да, ол дін ілімінде де, физикада да догмат емес еді. «Уақыт бастауын білуді Құдай бізге бермеді. Білім адамға көп жылдар ізденген соң келеді», – деп тұжырымдады Ксенофан.

Гераклит алғашқы иониялық философтардың соңғысы және ең танымалы болды (б.з.д. 544–483 жж.). Ол Милет пен Колофонның ортасында орналасқан атақты Эфес мегополисінде өмір сүрді. Бізге дейін оның жұмыстарының маңызды үзінділері жетті. Бірақ бұл оны түсіну оңай екендігін меңземейді. Оның үзінділері прозалық афоризмдер түрінде берілген соң көбінесе түсініксіз. Кейде әдейі астарлы мазмұнмен жазылған. Кеннидің ойынша, Гераклиттің стилі «ашық айтпайды, жасырмайды да, тек жөн сілтейтін» Аполлон сәуегейінің сөзіне ұқсас. Осыдан келіп, оның шығармаларының түсіну қиындығына, сонымен қатар, Гераклит философиясының «күңгірттігінің» себептерін шығаруға талпыныс жасалынады (өмірдегі және қоғамдағы нақты жағдайлар арқылы философ өмірлік оқиғаларды пессимисттік қабылдауды дамытуына түрткі болды. Көне заманда Гераклитты «жыламсыраған» деп те атады). Гераклит стилінің «күңгірттігі» мазмұндау формасына ғана қатысты емес, сонымен қатар, мағынасына да байланысты айтылды. Философ көзге жетерлік ақиқатты тікелей суреттеуге талпынып, мағынасы бойынша қайшы әрі қарама-қарсы келетін үйлестірулерді пайдаланды. Осындай мысалдар арқылы ол объективті әлемнің заттарын, денелердің өзінің қайшылықты мәнін көрсетуді көздеді.

Тіпті сол ежелгі заманның өзінде Гераклитті зорға түсінетін болған. Оны «Жұмбақ жан», «Түсініксіз Гераклит» деп атап кеткен. Ол философия туралы үш трактат жазған. Дегенмен олар бүгінде жоғалған. «Менің түсінгенім тіпті керемет. Түсінбегенім де керемет болып көрінер. Бірақ мұндай туынды үшін делостық сұңгуір болу керек, – деп Сократ Гераклит мәтіндері туралы айтқан» – дейді Диоген Лаэртский. Делостық сұңгуірлердің көп адамдарға қол жетпес тереңдікке жүзе алатын ептіліктері болған.

Гераклит мұрасына айрықша мән берген XIX ғасырдағы неміс философы Гегель «Сократқа дейінгілер туралы алыпқашпа пікірлерден шаршап, Гераклитке жеткенімізде, жерді аңсаған теңізшілердің жағалауды көргенде шексіз шаттанғаны тәрізді бізде қуанышқа кенелеміз», – деп жазған екен. Сонымен бірге Гегель «Мен логикама сыйдыра алмаған Гераклиттің бірде-бір тұжырымы жоқ», – деп те мақтанған. Гераклит өзін философиядағы жаңа бастау көзі деп санады. Ол өзінен бұрынғы ойшылдардың жұмыстарын пайдасыз деп таныған. Декарт пен Кант секілді, Гераклит өзі мойындамаса да, оған алдындағы ізашарларының көзқарастары айтарлықтай әсер еткен.

Гераклиттің космологиясына келер болсақ, оның пайымдауынша барлығы қозғалыста. Еш нәрсе қозғалыссыз болуы мүмкін емес. Әлем қозғалыстағы ырғаққа ұқсайды. Егер біз бір өзеннің суына екі рет кірсек, аяғымызды тура сол суға екі рет батыра алмаймыз. Себебі су екі сәтте бірдей бола алмайды. Судың ағымынан да күштірек жолындағысының бәрін жалмап тұрған жойқын алау тұрақты өзгерістердің парадигмасы саналады. Гераклит бірде әлем мәңгі сөнбейтін от болған дегенді айтты. Теңіз бен жер – осы мәңгі алаудың күлі.

Бұл лаулаған әлем – Логоспен басқарылатын, жаратылуына құдайлар мен адамдардың еш қатысы жоқ жалғыз әлем. Оның пікірі бойынша, бұл айтулы ғарыш – жәй ғана қоқыс



үйіндісі деп айтсақ, сандырақ болар еді. «Логос» – жазба немесе ауызша сөз үшін күнделікті грек термині. Бірақ Гераклиттен бастап әр грек философы оған бір немесе бірнеше орасан зор мағына берді. Аудармашылар бұл сөзді «ақыл» немесе реттілік пен сұлулықтың ғарыштық принципі деп те жиі аударады. Бұл термин христиандық дін білімінде өзіндік орынға ие болды. Төртінші Інжілдің авторы: «Басында Логос болды, ал Логос Құдаймен болды және Логос Құдай болды» деп мәлімдеді. Бұл әмбебап Логосты түсіну қиын және көп адамның қолынан келмейді, – дейді Гераклит. Адамдар Әлемді реттеп тұрған рационалды оттан қашықтығына қарай үш топқа бөлінеді. Гераклит сияқты философтар – бәрінен де отты Логосқа жақын және одан мол жылу алады. Одан кейінгілер – қарапайым адамдар, оянған кезде өздерінің ақыл-ойының арқасында оның жарығын пайдаланады. Ақырғысы – ұйықтап жатқандар. Олар жандарының терезелерін тұмшалап алған және олардың табиғатпен байланысы тек қана тынысы арқылы сақталады.

Гегель бәрінен де Гераклиттің қарама-қарсы нәрселерді үйлестірудегі табандылығына тәнті болады. Мысалы, әлем бөлінеді және бөлінбейді. Ол жаралған және жаралмаған. Жойылады және жойылмайды, – деген сияқты тұжырымдар. Кеннидің пайымынша Гераклиттің «Жоғарыға да, төменге де бір жол жеткізеді» деген сөзінде өте терең мағыналы ой жатыр. Лаэрттік Диоген бізге Гераклиттің «от – ауа – су – жер реттілігі – төменге жол, ал жер – су – ауа – от реттілігі – жоғарыға жол» дегенді жеткізді. Егер бұл екі жол үздіксіз, өмірлік, ғарыштық үдерістің екі кезеңі ретінде қарастырылса, онда оларды бір жол деп есептеуге болады. Гераклит шынымен де ғарыштық от жану мен сөну кезеңдері арқылы өтті деп санады. Негізгі ғарыштық үдерістің басы да, соңы да жоқ. Бірақ жану мен сөнудің әр циклы – тіршіліктен өз алдына бөлек пайда болатын және жоғалатын әлем.

Сократқа дейінгі ойшылдардың кейбірі саяси белсенді болғанын білеміз. Дегенмен Гераклит үзінділерін алып қарасақ, ол саяси философияны қалыптастырғандардың тұңғышы деген атаққа лайық деуімізге болады. Ол саясат істеріне қызықпаған. Өзі ақсүйек есебінде билік жүргізуге құқығы бола тұра, одан бас тартып, байлығын өзінің інісіне берген. Сондай-ақ саясаткерлермен сөйлескеннен гөрі, балалармен ойнағанды қалайтынын мәлімдеген. Бірақ ол физикалық заң туралы емес, барлық адамзат заңдарынан асып түсетін Құдайдың үкім-заңы туралы айтқан бірінші философ болды.

Энтони Кенни осы жерде қызық пікір айтады. Роберт Болттың «Мәңгіліктің адамы» пьесасында Томас Мор туралы белгілі үзінді бар. Мордың күйеу баласы Ропер тыңшыны тұтқындау үшін заңнан аттап кетуге болады, – деп сендіргісі келеді. Мор келіспейді. «Дұрыс деген бар және заңды деген бар, мен заңды дегенді білемін және мен тек заңды нәрсені ғана мойындаймын». Мор Ропердің «Сонда, адам заңын Құдай заңынан жоғары қоясың ба?» деген сұрағына: «Мен Құдай емеспін, алайда заң шытырманымда мен орманшымын», – деп жауап береді. Ропер шайтанға жету үшін Англиядағы әр заңды қысқартатынын айтады. Сонда Мор: «Соңғы заң күзеліп біткен кезде Шайтан саған қарсы шығады – сонда қайда тығыласың, Ропер, заңсыздық жазығының арасына ма?» – дейді. Бұл диалог туралы пікірлерді Мордың өз шығармаларынан немесе өлеңдерінен табу қиын. Алайда Гераклиттің екі үзіндісі қатысушылардың сезімін білдіре алады. «Халық қаланы жаудан қалай қорғаса, заңды да солай қорғауы керек». Әйтсе де қаланың сүйенетін өз заңы болса да, ол заң барша адамзат үшін ортақ заңға жүгінуі керек. Өйткені «Адамдардың барлық заңдары бір заңнан, Құдай заңынан нәр алады».

Гераклит еңбектерінен 15 мыңға жуық сөз сақталды. Кеннидің айтуы бойынша оның ежелгі және қазіргі заманғы философтарға тигізген ықпалы – таңғаларлық. Рафаэльдiң «Афиналық мектеп» фрескасында Гераклит позициясына сәйкес келетін үзінді бар. Көп грек философтарының кейпін сипаттайтын осы бір көлемді композицияның ортасындағы Платон мен Аристотель әділдік пен адалдықтың белгісіндей бейнеленген. Алайда ғимаратқа кіргенде бірден көзге түсетін фигура – фрескаға кейіннен қосылған: ең төменгі басқышта ойға шомып, жалғыз отырған Гераклит фигурасы және бұл фреска Кеннидің ойынша Гераклиттың философиядағы шынайы орнын бейнелейді.

Біз Пифагор, Ксенофан және Гераклиттің ілімдеріне шолу жасадық. Келесі дәрісте біз элеаттар философиясына, Эмпедокл, Анаксагор философиясы және атомисттерге тоқталамыз.



### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Пифагор неліктен «Философия» түсінігін енгізген алғашқы ойшыл деп саналады?
2. «Ipse dixit» түсінігі нені білдіреді?
3. Ксенофан әлемнің бастауында тұрған жер екенін қалай түсіндіреді?
4. Не себепті Кенни Ксенофанды Сократқа дейінгі ойшылдардың ішіндегі ең құдайшыл философ деп айтады?
5. Не себепті Гераклитті «Жұмбақ жан» және «Түсініксіз» деп атайды?
6. Гераклит философиясындағы «Логос» нені білдіреді?
7. Не себепті Гераклит алғашқы бастама ретінде отты алды?
8. Энтони Кенни келтіретін Томас Мор мысалының мәнін қалай түсінесіз?

### Әдебиеттер

1. Kenny A., (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Adler M., Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy. Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).
3. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Ф. Лосева. (Серия «Философское наследие»). М., Мысль, 1979. – 624 стр.